ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЙСАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫ КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАР БӨЛІМІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ, ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОМУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ЗАЙСАНСКОГО РАЙОНА ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Б Ұ Й Р Ы Қ **П Р И К А З**

2026 жылғы «12» ақпан № 5
Зайсан қаласы

Мемлекеттік сатып алудың
жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілде № 106 – VIII Заңына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Зайсан ауданының автожолдарындағы су тасқынына қарсы іс-шаралар, су өткізгіш құбырларға апаратын арықтар мен су бұру арналарын тазалау жұмыстарын атқару бойынша қосымша лот енгізілсін. Лот Мемлекеттік сатып алу Заңының 16 бап 3 тармағы 3 тармақшасына сәйкес «Бір көзден сатып алу» әдісімен жариялансын. Жұмыс құны (ҚҚС есебінсіз) 2 032 459,00 теңге. Орысша сипаттамасы: Противопаводковые мероприятия на автомобильных дорогах Зайсанского района, очистка подводящих арыков и водоотводных каналов к водопропускным трубам. ББС:458107000159.
2. Заңнын 18 бап 2 тармағы 1 тармақшасын негізе ала отырып, 2026 жылы ақпанның 05 күні "Astana Integration Systems" ЖШС - мен жасалған № 191040001255/260011/00 шарттың сомасы 900 000,00 теңгеден 800 000,00 теңгеге азайтылсын.
3. 2026 жылға ауданішілік қоғамдық жолаушыларды талымалдауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету үшін жоспарға қосымша лот енгізілсін. Порталда Заңның 10 бап 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес «ашық конкурс» әдісімен қайта жариялансын. Қызмет құны (ҚҚС есебінсіз) 31000000,00 теңге. Орысша сипаттамасы: Услуги по организаций внутрирайонных общественных пассажирских перевозок. ББС: 458024015153. Ашық конкурсты ұйымдастырушы: «Зайсан ауданының экономика және қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесі болып бекітілсін».
4. Оқыту (үйрету/ тренингтер/дайындау/қайта дайындау/ біліктілігін жоғарлату) ойынша қызметтер көрсету үшін Заңның 16 бап 3 тармақ 28 тармақшасына сәйкес ҚР Президенті

жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы РМҚК ШҚО бойынша филиалымен (БИН 090240000429) «Бір көзден сатып алу» тәсілі арқылы шарт жасалсын. Шарт құны (ҚҚС есебінсіз) 240600,00 теңге. Бірыңғай бюджеттік сипаттамасы 458001015159. Орысша сипаттамасы: Услуги по обучению (обучению / тренинги / подготовке / переподготовке / повышению квалификации).

Басшы _____ Ә. Жұмағалиев

МО

Орынд.: Нұрымеров Е.

ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ЗАЙСАНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

2026 жылғы 09 ақпан

Зайсан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 71

Город Зайсан

Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы Бюджет кодексінің 20-бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы Заңының 15 бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы « Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдерін бекіту туралы» №328 бұйрығына сәйкес және «ВостокАрхСтройПроект ИНЖИНЕРИНГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сметалық есептемесі негізінде Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық экономика және қаржы бөлімі ММ-сі (Ғ.Кожекенова) Зайсан ауданының автожолдарындағы су тасқынына қарсы іс-шаралар, су өткізгіш құбырларға апаратын арықтар мен су бұру арналарын тазалау жұмыстарын атқаруға 2 032 459 (екі миллион отыз екі мың төрт жүз елу тоғыз) теңгені «Зайсан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған қорынан бөлу міндеттелсін.

2. «Зайсан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы (Ә.Жұмағалиев) бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Берілді «09» 02 2026 ж
Зайсан ауданы әкімі аппараты ММ
Жалпы бөлімінің басшысы
Қолы Набиу

Аудан әкімінің міндетін атқарушы,
аудан әкімінің орынбасары **А. Утебаев**

003403